



КӘСІПТІ ҚАЛАЙ БАСТАЙДЫ?

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ҰРПАҒЫМЫЗ УЫЗЫНДА ЖАРЫСЫН...

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Су тапшылығының артуы – Орталық Азия мемлекеттеріне ортақ мәселе. Суды үнемдеп пайдалану энергетика немесе көлік саласы сияқты аймақтағы ынтымақтастықтың тағы бір жаңа бағытына айналмақ. Үкіметке көрші елдермен бірлесіп, бұл мәселені жан-жақты пысықтауды тапсырамын. Сондай-ақ еліміздің су шаруашылығын басқару жүйесіне түгел реформа жасалады. «Қазсушар», «Нұра топтық су құбыры» және басқа да негізгі компанияларда өзгеріс болады. Жалпы, осы саланың материалдық жағдайын жақсартып, кадр мәселесін шешу керек.

№111
(4544)
Сейсенбі
19 қыркүйек
2023 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЗЕЙНЕТАҚЫ МӨЛШЕРІ ӨСТІ

Елімізде зейнетақының орташа мөлшері 120937 теңге болды, оның ішінде ынтымақты зейнетақы мөлшері – 83072 теңге, базалық зейнетақы 37865 теңгені құрайды.

2023 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша еліміздегі зейнеткерлер саны – 2 млн 305 мың адам.

Жыл басынан бері республикалық бюджеттен 2 трлн 200,8 млрд теңге сомасына зейнетақы төленді. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мәлім етті.

2018 жылғы 1 шілдеден

бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі зейнетақы жүйесіндегі өтілін ескере отырып, әр алушыға жеке тағайындалады. Бұл ретте 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ынтымақты жүйеде жұмыс істеген уақыты, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары төленген кезеңдер зейнетақы жүйесіндегі еңбек өтіліне қосылады.



ЕҢБЕКҚОР АДАМ – ЕҢ ҚҰРМЕТТІ АДАМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биыл Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында «Біз еңбек адамының мәртебесін көтеруге баса мән береміз. Нағыз еңбек адамы дегеніміз кім? Бұл, ең алдымен, өзіне жүктелген міндетті орындау үшін барын салып еңбек ететін білікті маман. Нағыз еңбек адамы – бұл істің адамы, яғни әр ісіне, әр қадамына жауапкершілікпен қарайтын адал азамат» деп атап өткен болатын. Кеше Астанада «Еңбек жолы» байқауының жеңімпаздары анықталғанда нағыз еңбекқор адамдарды көріп, олардың еңбек жолына қызығып қарадық.

5



«OTBASY DUATLON» ШАҚЫРАДЫ

Астанада 24 қыркүйек күні отбасы дуатлоны ұйымдастырылады. «Отбасы дуатлон-2023» қатысушыларына тіркеу нөмірлері 24 қыркүйекте таңғы 8:00-ден 10:00-ге дейін беріледі. Жарысқа 8 жастан 9 жасқа дейін, 10 жастан 11 жасқа дейін және 12 мен 13 жас аралығындағы балалар және олардың әкесі мен анасы қатыса алады.

8

«ASTANA AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР



СЕНБІЛІККЕ 60 МЫҢҒА ЖУЫҚ АДАМ ҚАТЫСТЫ

Елордада экологиялық тазалық айы басталды. Өткен сенбі күні өткен бірінші жалпықалалық сенбілікке 60 мыңға жуық адам қатысты. Сенбілікке шыққан азаматтар 110 тоннаға жуық қоқыс шығарып, 1200-ге жуық жасыл желек отырғызды.

Жастар ұйымдары, еңбек ұжымдары, шағын және орта бизнес өкілдері, мемлекеттік органдар қызметкерлері, волонтерлер және қарапайым тұрғындар тындырымды жұмыс

істеді. Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек қаламыздың тазалығына бей-жай қарамайтын, елорданың жанашыры болып жүрген азаматтарға алғысын білдірді.

«Қаламызды біріге отырып, қазіргіден де жасыл, таза әрі көрікті ететін боламыз» деп атап өтті қала басшысы.

4





«ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – АҚШ» САММИТІНЕ ҚАТЫСАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Нью-Йорк қаласындағы жұмыс сапары басталды. Сапар барысында Мемлекет басшысы БҰҰ Бас Ассамблеясы 78-сессиясының Жалпы дебатында сөз сөйлейді, сондай-ақ «Орталық Азия – АҚШ» саммитіне қатысады. Бұдан бөлек, Президент бірқатар мемлекеттің басшыларымен, халықаралық ұйымдардың және трансұлттық компаниялардың жетекшілерімен кездесу өткізеді деп жоспарланып отыр.

Мемлекет басшысы Wabtec компаниясының президенті және бас атқарушы директоры Рафаэль Сантананы қабылдады. Кездесуде Қазақстанның теміржол саласын жаңғырту аясында Wabtec компаниясымен арадағы ынтымақтастық перспективалары талқыланды. Рафаэль Сантана Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстанда сутегі технологиясын қолданатын локомотивтер мен олардың қосалқы бөлшектерінің өндірісін іске қосу, инжиниринг орталығы мен технологиялық трансфертті ұйымдастыру үшін пысықталып жатқан инвестициялық жобалар туралы мәлімет берді.

Мемлекет басшысы компанияның көлік-логистика саласына шамамен 1 миллиард доллар инвестиция құю жоспарын құптап, мұның Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамытуға ықпал ететінін және басқа да инфрақұрылымдық жобалар үшін негіз болатынын атап өтті. Президенттің АҚШ-қа сапары аясында «Қазақстан темір жолы»

ҰК» акционерлік қоғамы мен Wabtec арасында стратегиялық ынтымақтастық туралы негіздемелік келісімге қол қойылды. Wabtec (Westinghouse Air Brake Technologies Corporation) Fortune 500 тізіміне кіреді, сондай-ақ ол көлік-логистика саласындағы жаһандық көшбасшылардың бірі саналады. Әлемнің 50-ден астам елінде компанияның филиалдары бар және онда 27 мыңнан аса адам жұмыс істейді.

Президент Citigroup компаниясының бас атқарушы директоры Джейн Фрейзермен кездесті. Кездесу барысында америкалық қаржы холдингінің еліміздегі қызмет аясын кеңейту перспективалары талқыланды. Еліміздегі бірден-бір америкалық банк саналатын Citibank Kazakhstan – халықаралық инвесторлар, мемлекеттік сектор және ірі кәсіпорындар үшін жетекші серіктестердің бірі.

Мемлекет басшысы жуырда жариялаған Қазақстан халқына Жолдауы аясын-

да Үкіметке осы саладағы бәсекелестікті арттыру үшін елімізге үш сенімді шетелдік банкті тарту міндетін жүктегенін атап өтті. Осы ретте Президент Астана халықаралық қаржы орталығының жаһандық инвесторлармен байланысын қамтамасыз ету және қаржы секторының цифрлық трансформациясын дамытуға атсалысу ісіндегі алдағы жоспарының маңызды рөлін оң бағалады.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы Қазақстанның көлік-логистика әлеуетін арттыруға бағытталған бірқатар жобаны қаржыландыруға ниет білдіріп отырған Citigroup холдингінің алдағы жоспарын қолдайтынын айтты.

Сонымен қатар әңгімелесу барысында макроэкономикалық болжамдар мен әлемдік қаржы нарығындағы негізгі үрдістер талқыланды. Кездесу аясында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен Citibank арасында Wabtec локомотивтерін сатып алу үшін қаржыландыруды ұйымдастырудың негізгі шарттары туралы келісімге қол қойылды.

КӨМЕК КӨРСЕТУДІ ТАПСЫРДЫ

Еліміздің солтүстік өңірлеріндегі ауа райының қолайсыздығы мен жайсыз жағдайларға байланысты

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке астық өндіретін фермерлер мен шаруа қожалықтарына қаржылай

және өзге де қажетті көмек көрсетуді тапсырды. Бұл туралы Ақорданың Telegram арнасы хабарлады.

Өңірлік дамуы ІЛГЕРІЛЕТЕТІН БАСТАМА

21 қыркүйекте Нью-Йоркте БҰҰ Бас Ассамблеясының жоғары деңгейдегі апталығы аясында Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің (АӨСШК) Министрлер кеңесінің бейресми отырысы өтеді. Отырысқа Қазақстан Премьер-министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу төрағалық етеді.



Айта кетерлігі, Қазақстан 2020 жылдан бері АӨСШК-нің төрағасы міндетін атқарып келеді. Жиын барысында АӨСШК Бас хатшысы, елші Қайрат Сарыбай АӨСШК-нің қызметі туралы баяндама жасайды. Жоспар бойынша Министрлер кеңесі ұйымды нығайтуға және Азияның жаңа жаһандық рөліне бейімдеуге бағытталған реформалардың сегіз нақты бағытын көрсететін АӨСШК Трансформациясының жол картасын бекітеді. Біртіндеп трансформациялау үдерісі 2022 жылы қазанда Астанада, Қазақстанның 1992 жылы БҰҰ қабырғасында ұйымды құру бастамасына 30 жыл толу мерейтойы құрметіне орайластыра ұйымдастырылған АӨСШК алтыншы саммитінде басталған-ды.

Жол картасы ұйым жарғысын әзірлеу, ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын іздеу секілді ашық және толық емес тізбесі бар трансформация үдерісінің құрылымдық күн тәртібі мен жетекші құжаты ретінде қызмет етеді. Сондай-ақ АӨСШК, бюджет және кадр реформасы және басқа да тақырыптар қамтылады.

Сондай-ақ министрлер АӨСШК-нің азаматтарды, әсіресе жастар арасында волонтерлік қызметке белсенді қатысуын қолдау және ынталандыру бойынша мүлдем жаңа бағытқа күшті саяси серпін беретін волонтерлік қызметті ілгерілету туралы мәлімдемені қабылдайды.

Министрлер кеңесінің мүшелері АӨСШК-нің одан әрі

институционалды дамуының перспективалары туралы пікір алмасады. Ұйымды трансформациялау бойынша алғашқы практикалық қадамдарға егжей-тегжей тоқталады. Сондай-ақ ағымдағы күн тәртібіндегі басқа да маңызды мәселелер талқыланды.

Министрлер кеңесі саммиттен кейінгі АӨСШК-нің екінші жоғары басқару органы саналады. Кеңес саммит шешімдерін іске асыруға, АӨСШК-нің ағымдағы қызметін және АӨСШК аға шенеуніктердің комитеті оған енгізген барлық мәселелерді қарауға жауапты. Түрлі деңгейдегі консультациялар және АӨСШК күн тәртібіндегі негізгі мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖАЙЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Жұмыс аптасының соңында депутаттық корпус елорданың бас жоспарындағы көшпелі кеңесте 2030 жылға дейінгі сумен жабдықтау және кәріз желілерін дамыту жоспарларын талқылады. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

Ол сондай-ақ қалалық инфрақұрылым мен тұрғын үй құрылысын дамытудың перспективалық жоспарын талқылағанын хабарлады. «Негізгі қадамдардың бірі су қоймасын, стратегиялық маңызды нысанды қайта құру болады. Қауіпсіздікті

қамтамасыз ету үшін оны қоршау мәселесін қарастырдық. Тағы бір мәселе – еріген және жаңбыр суын басқару жүйесін енгізу, бұл – тұрақты сумен қамтамасыз етудің маңызды міндеті. Ауыз суға келетін болсақ, 3-НФС енгізіле отырып, қала

тұрғындарын сумен қамтамасыз ету туралы ақпарат алған кезде, сорғы-сүзгі станциясы Астананы сумен жабдықтау тапшылығын қанша уақытқа жабатынын бағалаймыз» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

МҰРАҒАТ КАРТОЧКАСЫ ҚҰПИЯСЫЗДАНДЫРЫЛДЫ

Қазақстанда саяси қуғын-сүргін құрбандарына қатысты 2,4 миллионнан астам мұрағат карточкасы құпиясыздандырылды. Бұл туралы Бас прокуратура хабарлады.

251 мың арнайы қоныс аударылғандардың ісі Президент мұрағатына өткізілді, кейіннен олар мүдделі

тұлғаларға қолжетімді болады. 265 мың іс жыл соңына дейін сонда өткізіледі. 311 мың адам мәжбүрлі, арнайы

қоныс аударылғандар және қылмыстық жауапкершілікке тартылғандар қатарынан ақталды.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Францияда iPhone 12-ні сатуға тыйым салынды. Өйткені смартфон шамдан тыс электромагниттік сәулелерді шығарады.

Apple мұны теріске шығарды. Компания өкілдерінің айтуынша, iPhone 12 әртүрлі халықаралық ұйымдардың сертификатына ие екенін және радиация саласында қолданылатын нормалар мен стандарттарға сәйкес деп танылған. Франция билігі телефонды тиісті нормаға сәйкестендіру үшін корпорацияға 2 апта уақыт берді.



Ресейдің Украинамен соғысы таяу уақытта аяқталмайды. Мұны НАТО бас хатшысы Йенс Столтенберг мәлімдеді.

Оның сөзінше, әскери одақ мүшелерінің бәрі де тезірек бейбітшілік орнағанын қалайды, бірақ Украина күресін тоқтатса, ел ретінде жоғалады. «Президент Зеленский мен украиналықтар соғыспаса, тәуелсіздігінен айырылатынын мойындауымыз керек. Егер президент Путин мен Ресей қаруын тастаса, онда бейбітшілік орнайды» деген Столтенберг Украина түбі НАТО-ға қосылатынын айтты.



Еуроодақ билігі TikTok-қа 345 миллион еуро көлемінде айыппұл салды.

Өйткені әлеуметтік желі кәметке толмағандардың жеке деректерін қорғау жөніндегі ережелерді бұзған. Брюссельдегі шенеуніктердің сөзінше, екі жыл бойы жүргізілген тергеу нәтижелерінен кейін басшылық жауапқа тартылған. Аталған платформаға айыппұл алғаш рет салынып отырған жоқ. Бытыр Ұлыбритания үкіметі бұл компанияға 15 миллион еуро төлеуді міндеттеді.

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР АШЫЛАДЫ



санатына арналып, бірнеше аймаққа бөлінген: скейт аймағы, тыныш аймақ, серуендеу аймағы, балалар ойын алаңы және т. б. Экология аймағы аясында тұрғындармен бірге мұнда ағаштар отырғызылады» деді шаһар басшысы.

Қала әкімі саябақты абаттандыру жұмысы әрі қарай жалғасын табатынын да атап өтті.

«Есіл өзенінің жағасында, Косыгин көшесінің ауданында егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына өзгерістер енгізілді, көпкөптерлі тұрғын үй кешені гүлзарға, «Соренгаген» ТК ауданында көпкөптерлі тұрғын үй кешені де гүлзарға ауыстырылды. «Nova city» ТК ауданында балабақша, «Городской романс» ТК ауданында мектептің жаңа ғимараты, балабақша, гүлзар және т. б. салынды. Сол сияқты биыл қаңтар айынан бастап қалада инженерлік желілердің болмауы және бас жоспардың келісімінсіз жаңа құрылысқа рұқсат берілмейтінін атап өткім келеді» деді Жеңіс Қасымбек.

Көпқабатты тұрғын үй кешендері салынуы тиіс 20-ға жуық учаскеде әлеуметтік нысандар ашылады. Олар – мектептер, емханалар, қоғамдық орындар (гүлзарлар, желекжолдар, аулалар), балабақшалар. Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек мәлім етті.

«Р.Бағланова көшесі мен Тұран даңғылының қиылысында жекеменшік құрылыс салушы тұрғын үй кешенін салуды жоспарлаған. Осы мәселеге байланысты жақын маңдағы үйлердің тұрғындары бізге жүгініп, аталған орынға саябақ салуды өтінді. Нәтижесінде тұрғын үй құрылысынан бас тартылды, ал «Svoe dom» жеке инвесторымен бірлесе отырып, бұл орынға қоғамдық кеңістік салынды. Гүлзар түрлі жас



ШАХМАТШЫЛАРҒА ҚОШЕМЕТ

Бас қала әкімі Жеңіс Қасымбек шахматтан әлем чемпионатында күміс жүлдегер атанған астаналық спортшыларға сертификат табыстады.



Польшада шахматтан өткен әлем чемпионатында Қазақстан әйелдер құрамасы тәуелсіз еліміздің тарихында тұңғыш рет күміс жүлдегер атанды. Спортшылар арасында елорда тұрғындары да бар. Олар – Меруерт Камалиденова мен Амина Қайырбекова.

«Жаттықтырушыларға, спортшыларға және олардың ата-анасына алғысымды білдіремін. Бұл шыңды бағындыру жаңа биіктерді бағындырудың бастамасы екеніне сенімдімін. Біз өз тарапымыздан спортшыларымызға, оның ішінде балалар мен жасөспірімдер мектептері мен федерацияларға қолдау көрсетуді әрі қарай жалғастырамыз» деді елорда әкімі.

ҮЛЕСКЕРЛЕР ҚАРЖЫСЫН ЖЫМҚЫРҒАН

Астана қаласының прокуратурасы елордада жосықсыз құрылыс салушыларды ұстады.

Қыркүйек айының басында қала прокуратурасының нұсқауы бойынша Полиция департаментінің өндірісіне «R-Club» және «R-Club Deluxe» ТК үлескерлерінің ұжымдық арызы негізінде алаяқтық фактісі бойынша қылмыстық іс берілді.

Үлескерлерден 4 млрд теңгеден астам ақша алынған, алайда іс жүзінде құрылысқа 900 млн теңге жұмсалғаны анықталды. Құрылыс салушымен 2022 жылдың 4-тоқсанында жоспарланған аяқталуға тиіс құрылыс бітпеген.

Құрылыс компанияларының басшылары ұсталып, оларға «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылды. Жедел тергеу тобы құрылды. Қазіргі уақытта қылмыстың қалған қатысушылары мен олардың активтері анықталуда.

Израильде науқастарды ауруханаға жедел жеткізетін, ұшатын көлік іске қосылды.

Сонымен қатар дәрі таситын дрон да жұмыс істейді. Электронды құрылғыларды Иерусалимдегі аурухананың бірінде пайдаланады. Көлік несіннің айтуынша, ұшатын такси 250 келіге дейінгі салмақты көтере алады. Шамамен 30 шақырым қашықтыққа ұша алады. Егер бұл әдіс өз өнімін көрсетсе, болашақта бүкіл ел аумағында қолданылуы мүмкін.



Ливияның Дерна қаласында денсаулық сақтау саласындағы ахуал ушығып барады.

Бұл – жақында болған алапат су тасқынынан ең қатты зардап шеккен өңір. Мұнда ауруханалардың біразы қираған. Дәрі-дәрмек жетпей жатыр. Оның үстіне түрлі аурулардың таралу қаупі жоғары. Өйткені сумен қамтамасыз ету жүйелері зақымданған. Сондықтан жергілікті билік халықаралық қауымдастықтан көмек сұрап отыр. Бірнеше күн бұрын Ливияда Даниэль дауылы соғып, салдарынан 11 мың адам опат болған.

Сенбі-жексенбі күндері елордадағы «Шабит» өнер университеті ғимаратының алдындағы алаңда Қызылорда мен Батыс Қазақстан облысының тауар өндірушілері ауыл шаруашылығы өнімдерін ұсынды.

ЖӘРМӨНКЕ ЖЫЛУЫ



Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Ауыл шаруашылығы жәрмеңкесінде Батыс Қазақстан облысы төрт түлік етін нарық бағасынан төмен сатты. Ал Қызылорда облысының дала еңбеккерлері бақша және дәмді дақыл түрлерін ұсынды. Сыр күрішін алуға асыққан астаналықтар ұзын-сонар кезекте тұрды. Асқабақ, картоп, пияз, сәбізді де қап-қабымен сатып алып, қысқа керекті азық-түлігін қамдады.

– Батыс Қазақстан облысынан 103 тонна тауар түрлері келді. Оның 70 тоннасы сиыр мен жылқы еті, 13 тоннасы шұжық және консерві өнімдері, 13 тоннасы ұн мен макарон өнімдері, 4 тоннасы өсімдік майы, 3 тоннасы сүт өнімдері болды. Қызылорда облысы 50 жүк көлігімен 460 тонна тартатын 60-қа жуық ауыл шаруашылығы тауарын әкелді. Оның ішінде 135 тоннадан

астам күріш, 10 тонна ет және 30 тоннаға жуық балық өнімдері, 30 тонна көкөністер мен жемістер, 260 тонна бақша өнімдері, 3 тонна ас тұзы, 10 тонна сүт өнімдері, 5 тоннаға жуық кондитерлік өнімдер бар. Жалпы сомасы 200 миллион теңгені құрады, – деді қалалық Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы азық-түлік қауіпсіздігі бөлімінің бас маманы Нұрәулет Қосман.

Жәрмеңкеге келушілер қарасы қалың. Бірі қауын-қарбыз алса, екіншісі күріш аркалап жүр. Біз бірнеше тұрғынмен тілдестік. Бекнұр Алпысбаев есімді қала тұрғыны: «Әдетте, қауынды таразға тартып сатып саламыз ғой. Мұнда бір данасын 500-1000 теңгеден алдық. Бәрінен бұрын бір қап күріш пен асқабақ алдым. Бағасы да қолжетімді» деді.

23-24 қыркүйекте Алматы және Жетісу облысының ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер астаналықтарға өзінің өнімін ұсынады.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АСТАНА ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2023 жылғы 29 қыркүйек сағат 10:00-де Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезекті сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізіледі:

1. Астана қаласында төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі жүйелі шараларды қолдану туралы.
2. Астана қаласында жерлеу және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы.
3. Астана қаласында құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы туралы.
4. «Астана қаласы әкімдігінің дербес құрамын келісу туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 19 қаңтар-

дағы №316/39-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

5. «Астана қаласы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 12 сәуірдегі №19/2-VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
6. Қалалық мәслихат сессияларында айтылған сын-ескертпелер мен ұсыныстардың орындалуы барысы туралы.
7. Астана қаласы мәслихатының кезекті сессиясының қарауына енгізілетін негізгі мәселе туралы.

Е.КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы
мәслихатының төрағасы

ҮЗДІК МҰҒАЛІМДЕР ЖИНАЛАДЫ

5-8 қазан күндері Қазақстан тарихында тұңғыш рет педагогтар саммиті өтеді.

Астанада ұйымдастырылатын бірегей іс-шараға әлемнің үздік мұғалімдері жиналады. Олар өз тәжірибесімен және балаларды ең тиімді, нәтижелі оқытудың әдісімен бөліседі.

Педагогтар саммиті – мұғалімдерге, ата-аналарға және мектеп басшылығына арналған кәсіби білім беру платформасын құруға бағытталған бастама.

Саммит Nobel Fest фестивалі аясында өтеді, осы орайда елордада «Ғылыми жұлдыздар шоғыры» жиналады. Оған әлемдік ғылымның ең мықтылары – Нобель сыйлығының лауреаттары, «Прорыв» сыйлығының иегерлері, зерттеушілер, әзірлеушілер, футурологтар және басқа да өнертапқыштар қатысады.

КӨЛІК ҚОЗҒАЛЫСЫ ШЕКТЕЛЕДІ

Елордадағы Ұлы дала көшесіндегі көпірде жөндеу жұмысы жүргізілуіне байланысты бір ай бойы көлік қозғалысы шектеледі. Әзірге көпірдің бір жағы бойынша қозғалыс екі бағытта да ұйымдастырылады.

«Астана қаласы ПД әкімшілік полиция басқармасының келісімі бойынша жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Ұлы дала даңғылындағы көпірдегі деформациялық тігістің негізін жөндеу жұмысы жүргізіледі. Осыған байланысты осы жылдың 16 қыркүйегі мен 15 қазаны аралығында жоғарыда

аталған көпір арқылы автокөлік құралдары үшін қозғалыс ішінара жабылады. Елорда тұрғындары мен қонақтарынан қала жолдарындағы кептеліс жағдайын болдырмау мақсатында өз маршрутын алдын ала жоспарлауды сұраймыз» деп жазылған қала әкімдігінің хабарламасында.

№111 (4544) 19/09/2023 Сейсенбі

Қалаға келіп кәсіп ашатындар қатары күннен-күнге көбеюде. Олар кәсіпкерліктің түрлі саласында: бірі бұрынғы кәсібін жандандырса, бірі жаңа бизнес-жобамен нарыққа еніп отыр. «Әрекетке – берекет» демекші, әркім өз шама-шарқына қарай еңбек етсе, мемлекет шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мақсатында жаңа бизнес-жобасын ұсынғандарға қайтарымсыз грант тағайындап отырғаны – қуантарлық жайт.



ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТ КІМДЕРГЕ БЕРІЛЕДІ?

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

1 млн 380 мың теңгенің қайтарымсыз грантына қалай иелік етуге болады, қандай шарттарын орындау керек деген сауал қалада кәсіп ашқысы келгендерді қатты қызықтырады. Осыған байланысты маманның кеңесіне құлақ түрелік.

– Жалпы «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы грант берумен немесе басқа да қаржылай қолдаумен айналыспайды. Бұл ұйым тек қаржылай емес қолдау түрлерін көрсетеді. Яғни бизнеске қатысты түрлі кеңес береді, оқытады, тоқытады. Палата быылдан бастап Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп, «Мен кәсіпкермін» жобасын жүзеге асырғалы отыр. Бұл жобаның өзі екі бағыттан тұрады: кәсіпкерлерді салалық оқыту және әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығын құру, – дейді «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы кәсіпке бағыт салалық оқыту жобасының жетекшісі Нұрған Жұлдызбаев.

КӘСІПТІ ҚАЛАЙ БАСТАЙДЫ?

Бірінші бағыт – кәсіпке бағыт. Кәсіпкерлерді әртүрлі сала бойынша, мысалы, мал шаруашылығы, егін шаруашылығы, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, өндіріс мақсатында цехтар, әртүрлі қызмет көрсету бойынша салалық оқыту қызметі көрсетіледі. Екінші бағыт – әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталықтары. Тек кеңес беріп қана қоймай, тәлімгерлік, мысалы, менторлық, бизнеске шолу. Диагностикасымен бірге жасап береді.

– Кәсіп ашқысы келетін кәсіпкерге қаражат керекті түсінікті. Оны біреулер грант көзінен тауып жатады, енді бірі жеңілдетілген кредит пен субсидия көзін таңдайды. Қысқасы, елде қаржылық қолдаудың түр-түрі бар, – дейді «Атамекен» өкілі.

«Кәсіпкерлікті қолдау» ұлттық жобасы аясында екі түрлі гранттың түрі бар. Біріншісі – Еңбек министрлігі тарапынан берілетін 400 АЕК. Ол – 1 млн 380 мың теңге. Гранттың бұл түрі Жұмыспен қамту орталығы арқылы беріледі және мұнда

онлайн тіркелуге де болады. Жалпы business.enbek.kz порталында тіркелу керек. Мұнда не жұмыссыз болуыңыз керек, не 3 жылға дейін кәсіпкер болуыңыз керек және әлеуметтік санатқа жатуыңыз керек.

Әлеуметтік осал топтарға қандастар, мүгедек жандар немесе мүгедектігі бар бала асыраушылар, аз қамтылған отбасыдан шыққан, я болмаса көпбалалы отбасының мүшелері жатады. Осы санаттағы азаматтар skills.enbek (stest.enbek.kz) порталында «Бастау бизнес» оқуын оқып, сертификатын алуы қажет.

Астана қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының мәліметіне сәйкес, грант беру тәртібі мына санаттағы адамдарға: әлеуметтік көмек, көпбалалы жәрдем ақы және оның жұбайы (зайыбы), асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік жәрдемақы алушылар, қоныс аударушылар, қандастар, еңбекке қарсы көрсетілімі жоқ мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар баланы (балаларды) тәрбиелеп отырған адамдар, халықтың әлеуметтік осал тобына, оның жұбайына (зайыбына) беріледі.

Гранттар жұмыссыз немесе дара кәсіпкер ретінде грант беруге өтініш берілгенге дейін тіркелген, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу мерзімі үш жылдан кем болған жағдайда халықтың әлеуметтік осал тобына тиесілі.

Азаматтардың жаңа бизнес-идеяларын іске асыру үшін берілетін қайтарымсыз грант бойынша комиссия мүшелерінің өтініш берушілер алған теріс шешімінің себебін Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының мекенжайына барып, кеңсе бөліміне арыз қалдыру арқылы 10 жұмыс күні ішінде біле алады.

Екінші гранттың түрі – 5 млн теңгеге дейін. Бұл, негізінен, жергілікті атқарушы органдардың кәсіпкерлік бөлімі арқылы беріледі. Мұнда негізгі шарттың бірі – кәсіпкер ретінде тіркеліп, грант мөлшерінің 20 пайызын өз қаражаты есебінен қосу. Осы екі гранттың түріне де бизнес-жоспар жазылуы қажет.

Аталған гранттардан да басқа түрлері бар. Мысалы, «Тәуелсіздік ұрпақтары» немесе жастарға арналған «Zhas Project». Бұл – әлеуметтік жобалар мен бизнес-идеяларды қаржыландыру арқылы, әсіресе, ауылдық жерлерде тұратын жастарды қолдауға бағытталған бірегей жоба. Грантқа ілікпеген жағдайда, жастарға арналған 2,5 пайыз несие де қарап көруге болады. Биылдан бастап жастардың жасы 35-ке дейін көтерілгені ескерсек, бұл жоба да талай жастың бағын ашып қалары анық.

Telegram-канал желісінде «Қаржылық сауат» каналы жаңадан кәсіп ашқан іскер жандарға, жастарға, жалпы бизнеспен айналысқысы келген адамдарға кәсіпкерліктің қыр-сырын үйретіп, заңдағы жаңалықтармен таныстырады, осы саладағы мамандардың пайдалы кеңесін тұрақты беріп жүр.

БИЗНЕС-ЖОСПАР ҚҰРҒАНДА НЕНІ ЕСКЕРУ КЕРЕК?

Болашақ кәсіпкерлер көбіне қандай қателік жібереді дегенге келсек, қолда белгілі бір мөлшерде капитал болмаса, бірден бизнес тұрғызу қиын. Алғашқы капиталды инвестордан немесе банк ұйымдарынан алатын ойыңыз болса, оған жұп-жұмыр бизнес-жоспар керек. «Атамекен» палатасының өкілі Нұрған Жұлдызбаев ондай жоспарды ақысын төлеп те жаздыруға болады немесе осы палата-

ның филиалдарына барып, менеджерлердің көмегіне де тегін жүгінуге болады дейді. Оның сөзіне сенсек, қаржылық сауаты бар кез келген адам бизнес-жоспарды өзі де жасай алады. Дегенмен бизнес-жоспар құратын адамның сәл де болса да қаржылық сауаты болғаны маңызды.

Быттыр елімізде жалпы ішкі өнімдегі шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі 7,9 пайызға артып, 34,7 пайызға жетті. Мұның ішінде астаналықтардың да қосқан үлесі бар.

«Орта бизнес ел экономикасын дамыту ісінде басты рөл атқарады. Бұл мәселе менің жеке бақылауымда болады» деді Мемлекет басшысы.

Жаңадан кәсіп ашуға, бизнеспен айналысуға елордалықтардың ынтасы зор болып тұрғанын мына мәліметтерден анық байқауға болады.

Астана қаласы бойынша биыл 132 азаматқа (халықтың әлеуметтік осал топтарына) қайтарымсыз грант беру жоспарланған. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған гранттар алуға үміткерлердің өтінішін қарау жөніндегі комиссияның құрамына халықты жұмыспен қамту мәселелері алуға үміткерлердің жергілікті атқарушы орган, «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасы, жергілікті атқарушы органдар, қоғамдық бірлестіктер, ғылым-білім беру мекемелері өкілдері, бизнес, өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері, салалық сарапшылар кіреді.

Бизнес-жобаның биылғы 1-легіне 809 азамат өтініш білдіріп, 33 жоба мақұлданды (жөніндегі бойынша), 2-легіне 941 адам өтініш жазған, оның 33 жобасына грант берілді. 11-22 қыркүйек аралығында 3-лекке өтініш қабылданады. Онда 66 бизнес-жобаға грант беру көзделген.

ТАЗАЛЫҚ АЙЛЫҒЫ БАСТАЛДЫ

Елордада «Жасыл Астана» экология айлығы басталды. Жалпықалалық сенбілікке 56 мыңнан астам қала тұрғыны қатысып, абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалау жұмысын атқарды. Экология айлығы барысында Есіл, Ақбұлақ, Сарыбұлақ өзенінің арнасы және қоғамдық кеңістіктер тұрмыс қалдықтарынан тазаланып, көшеттер отырғызылады. Сенбілікке шыққан азаматтар 110 тоннаға жуық қоқыс шығарып, 1200-ге жуық жасыл желек отырғызды.



Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Біз Ақбұлақ өзенінің екі жағасында өткен тазарту және ағаш отырғызу рәсімін көзбен көріп қайттық. Мұнда өткен күзгі сенбілікке Байқоңыр мен Алматы ауданының тұрғындары белсенді қатысты.

Алматы ауданының 16 мыңдай тұрғыны қатысып, олар 300-ге жуық қарағай, үйеңкі, шаған көшетін отырғызды.

– Экология айлығының мақсаты – қоғам назарын қала көшелерінде тазалық сақтауға аудару және экология мәдениетін қалыптастыру, өскелең ұрпаққа тәрбие беру. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқытушылары мен студенттері сенбілікке қатысып, өзен жағасын, гүлзарларды, скверлерді тазалады, – деді Алматы ауданы әкімдігі өндіріс-техника бөлімінің бас маманы Нұрғазы Үсен.

Байқоңыр ауданында 10 мыңға жуық адам қатысып, 50-ден аса

арнайы техника жұмылдырылды. Ақбұлақ өзенінің Байқоңыр ауданына жататын екінші жағалауындағы сенбілікке шыққандар арасында ардагерлер басым болды. Олар өзен жағасын қоқыстан тазартып, 186 көшет отырғызды.

– Тазалық – мәдениет пен көрегендіктің айқын белгісі. Қоршаған ортаның тазалығын тыңғылықты сақтап, мұнтаздай ұстау – өркениетті қоғамның өлшемі. Сондықтан жастарға үлгі көрсету үшін сенбілікке шығып, тазалық айлығына атсалысуды ойладымыз. Қимыл белсенділігі салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі шарты десек, сенбілікке шығып, бір жағы қозғалыс белсенділігін арттырып, денсаулыққа оң әсер етуге, екінші жағы қаланы тазартуға атсалысуға үлес қосуға болады, – деді Байқоңыр ауданының тұрғыны, ел ағасы Сейдулла Есқабайлов.

Сенбілікке «Elorda Aqparat» ЖШС-ке қарасты «Астана ақшамы» мен «Вечерняя Астана» газетінің, Elorda.info ақпарат сайтының журналистері қатысты. Олар Тұран даңғылы бойындағы «Ғашықтар» саябағын тазалады.



ЕҢБЕК АДАМДАРЫНА – ӘРДАЙЫМ ҚҰРМЕТ



Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияда «Еңбек жолы» республикалық байқауының өңірлік кезеңінің жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Осы шараға қатысқан Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен құттықтау сөз сөйледі.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Биыл байқауға 80 өтінім қабылданды. Еліміз осындай азаматтардың еңбекқорлығы арқасында құрылып, дамып келе жатқанын жеткізген қала әкімінің орынбасары әр салада кәсіби біліктілік пен мамандыққа адалдықтың шынайы үлгісін көрсетіп жүрген жандардың ерен еңбектері қандай құрметке болса да лайық екенін атап өтті.

– Еңбек етіп, ел игілігі жолында адал тер төгіп жүрген жандардың ең басты бақыты – халықтың разылығына бөлену. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев біздің қоғамда еңбек адамы ең бірінші орында тұруы керек, себебі отаншылдық дегеніміз ең алдымен іскерлік, еңбекқорлық екенін атап өтті. Еліміз азаматтардың еңбекқорлығы арқасында құрылып, дамып келеді. Әр салада кәсіби біліктілік пен мамандыққа адалдықтың шынайы үлгісін көрсетіп жүрген жандардың ерен еңбектері қандай құрметке болса да лайық. Биыл елордамыздың құрылғанына 25 жыл толды. Осы жылдар ішінде сіздердің әрқайсыларыңыздың еңбектеріңіздің арқасында бас қаламыз әлемдік танымалдылыққа

ие болып, дамыған экономикасы мен инфрақұрылымы бар заманауи мегаполиске айналды. Егер осыдан 25 жыл бұрын елордада жұмыс күші 170 мың адамды құраса, бүгінде бұл көрсеткіш 4 еседен астам өсіп, 700 мыңға жуық адамды немесе жалпы халықтың 71 пайызын құрап отыр. Қала тұрғындары осы үрдісті толықтай қолдап, бүгінгі

бәсекелестерімізден үлгі алса, біз қоғамның әл-ауқатын арттыру жолындағы барлық мақсаттарға жетеміз. Сондықтан нағыз адал еңбектің иелері – бүгінгі байқау жеңімпаздарын шын жүректен осындай керемет мерекелі күнмен құттықтаймын. Жұлделеріңіз құтты болсын, еңбектеріңіз жана берсін! – деді Есет Байкен.

Расында да, «Адамды адам

еткен – еңбек». Еңбексіз күн көру қиын. Өйткені адал да таза еңбек етіп, өз мамандығының қыры мен сырын өте жоғары деңгейде меңгерген адам ғана еліміздің экономикасын дамытуға өз үлесін қоса алады. Елордалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов атап өткендей, «Еңбек жолы» байқауының басты мақсаты – еңбек өнімділігін ынталандыру, жастар арасында жұмысшы мамандықтарын дәріптеу және жұмысшы әулеттердің көпжылдық дәстүрлерін нығайту. «Еңбек адамы – қызметіне қарап өлшенбейді. Ол қызметін қалай атқаратынында. Адал, табанды, махаббатпен әрі жігермен атқарылған еңбектің алдында бағынбайтын белес, алынбайтын қамал жоқ. Өз ісін сүйіп, өз қызметіне адал бола алған әр еңбек адамы – қазіргі заманның даусыз қаһармандары» деді Ерлан Каналимов.

Иә, еңбекқорлық – қазіргі заманда бізге аса қажет құндылық. Қоғамымызда еңбек адамы қашан да бірінші орында тұруға тиіс. Шын мәнінде, барлық жетістіктің бастауы – адал еңбек және іскерлік. Табысқа жетудің жалғыз жолы – өз кәсібін ішкері болу және ерінбей еңбек ету екенін атап өткен Мемлекет басшысы осы қағиданы кеңінен дәріптеуіміз керектігін үнемі ескертіп келеді. Осыған орай, Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай жиырма қадам» бағдарламалық мақаласының тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету, «Еңбек – елдің мұраты» арнайы жобасын іске асыру және



ұрпақтар сабақтастығын сақтау мақсатында елімізде «Еңбек жолы» республикалық конкурсы ұйымдастырылған болатын. Конкурстың өңірлік кезеңінің қорытындысы бойынша еңбек өтілі ең ұзақ, марапаттары ең көп әулет таңдалып, «Үздік еңбек әулеті» номинациясында бірінші орынды «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ атынан Амангелдиновтар әулеті жеңіп алды. Еңбек әулетінің теміржол көлігі саласындағы жалпы жұмыс өтілі – 823 жыл.

– Біздің Амангелдиновтар отбасының еңбек әулеті құрылғаннан бері кәсіпке 8 (сегіз) ғасырдан астам еңбек өтілі бар 26 адам келді. Әулеттің негізін қалаушы – менің үлкен атам Орыспек Амангелдинов 1911 жылы туған. Теміржол көлігінде 1919 жылдан 1974 жылға дейін жұмыс істеді. Біздің жалпы еңбек өтіліміз – 823 жыл. Мен адам ресурстарын басқару департаментінде жұмыс істеймін. Отбасымызда Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталғандар бар, олардың көбі «Құрметті теміржолшы» атағына ие. Өңірлік конкурстың қорытындысы бойынша мен «Үздік еңбек әулеті» номинациясында бірінші орынды иелендім, енді республикалық турнирде басқа еңбек әулеттерімен бәсекелесу қажет болады, әрине, уайымдаймын. Бүгінгі барлық жеңімпаздарға сәттілік тілеймін, – деді Лейлә Амангелдинова.

Жұмыс өтілі 5 жылдан аспайтын, ең белсенді және еңбекқор өндіріс жұмыскері ретінде таңдалған «Астана-РЭК» АҚ-ның II санатты инженері Айнұр Байбатырова «Өндірістің үздік жас маманы»

номинациясында бірінші орынды иеленді. Ал Астана қаласы әкімдігінің «№ 38 мектеп-лицей» ШЖК МКК тарих пәнінің мұғалімі Гүлзия Иманбаева «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» номинациясында жеңіске жетті.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік ұлттық университетінің тарих факультетінің тәмамдағаннан кейін еңбек жолын өзі туып-өскен Жамбыл облысының Т.Рысқұлов ауданындағы Құлан ауылында №1 мектеп-лицейінде мұғалім болып жұмыс істеуден бастаған Гүлзия Иманбаева кейін Құлан ауылышаруашылығы колледжінің жанындағы лицейде, Тараз қаласындағы №47 орта мектепте қызмет атқара жүріп, 2006 жылы еліміздің бас қаласына қоныс аударады.

– Елордаға көшіп келген соң 2021 жылға дейін Астана қаласындағы №38 мектеп-лицейде тарих пәнінің мұғалімі болып дәріс бердім, директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқардым. Жоғары санатты педагог-зерттеуші, педагогика ғылымдарының магистрімін. Жалпы, педагогикалық еңбек өтілім – 25 жыл. «Еңбектің наны – тәтті» дегендей, үздік тәлімгер ретінде шәкірттеріме осы қағидады үйретуден жалыққан емеспін, – деді Гүлзия Иманбаева.

Үш номинация бойынша жеңімпаздардың әрқайсына 1 млн теңгелік сертификат және қазіргі кезде еңбегімен ел құрметіне бөленіп жүрген 10 еңбек ардагеріне 100 мың теңгелік сертификаттармен бірге гүл шоқтары табысталды.



Ағымдағы жылдың 1 наурызынан бастап ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі пилоттық режимде мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа жүйесін сынақтан өткізуде.

Пилоттық бағдарлама бойынша 5 мемлекеттік органда, атап айтқанда, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінде, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінде, Сауда және интеграция министрлігінде, Ақмола облысы мен Шымкент қаласының әкімдіктерінде жұмысқа орналасуға болады.

«Euzmet.gov.kz» сайтында мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа алгоритмі әзірленген. Конкурстық рәсімнің жаңа форматы үміткерлерге конкурсқа барлық кезеңдерде, кез келген уақытта және әлемнің кез келген нүктесінен қатысуға мүмкіндік береді. Ол үшін тек сайтта тіркеліп, өзіңізге ұнаған бос лауазымдарға өтініш жіберсеңіз жеткілікті.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ ҮЙДЕН ШЫҚПАЙ АЛЫҢЫЗ

«Е-қызмет» жүйесі барлық негізгі ақпараттық жүйелермен біріктірілген. Бұл мемлекеттік қызметке үміткерлерге құжаттарды жинауға уақыт жұмсауға мүмкіндік береді. Үміткер туралы өзге ақпарат

тық жүйелерден ақпарат алу, оның соттылығын немесе өзге де құқық бұзушылықтарға қатыстылығын тексеру, біліктілік талаптарына сәйкестігін қарау – мұның бәрін автоматты түрде жүзеге асырады. Бұл, әрине,

мемлекеттік қызметкерлерді іріктеу процесін тездетуде көмектеседі.

Конкурсқа қатысу үшін сізге бірінші кезекте мемлекеттік тілді және Қазақстан Республикасының заңнамаларын (Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы заңы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заң, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі) білуге тестілеуден өту қажет. Тестілеу бағдарламасында көрсетілген мәндерден төмен нәтижелерді жинаған адамдарды қайта тестілеуге жіберуге күнтізбелік үш күн өткен соң ғана жол беріледі.

Мемлекеттік тілді білуге арналған тестілеуден өтуге шекті мән белгіленбейді. Тестілеуден өту кезінде тиісті талаптардың мүлтіксіз сақталуын бақылау

прокторинг жүйесімен қамтамасыз етіледі.

Егер заңнама бойынша тестілеуді сәтті тапсырсаңыз, келесі жеке қасиеттерді бағалау тестіленуіне өтесіз. Жеке қасиеттерін бағалауға тестілеу мемлекеттік қызметшілердің кәсіби дағдылары мен моральдық-этикалық қағидаттарын айқындау үшін жүргізіледі.

Пилоттық бағдарламаға енгізілген жаңашылдықтың бірі – мемлекеттік қызметшінің мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау. Мәтіндік ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалауда мемлекеттік қызметшінің шағын мәтіндерді түсінуі және оны дұрыс тұжырымдай білуі сыналса, сандық ақпаратпен жұмыс тапсырмалары ақпаратты іздеу, талдау және есептеу қабілетін бағалауға бағытталған. Сондықтан шарт әдетте сандармен, графиктер-


мен немесе ескертулермен жүктеледі.

Мәтіндік және сандық тесттен ең жоғары ұпай жинаған 3 үміткер іріктеудің соңғы кезеңі сұхбатқа жолданады. Сұхбат нәтижесін арнайы тәртіп бойынша құралған комиссия мүшелері бағалайды.

Жалпы алғанда, мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа жүйесі конкурстың ашық өтуін қамтамасыз етеді, сондықтан да әр кезеңнен кейін әр үміткер өзінің және басқа үміткерлердің қорытынды нәтижелерімен таныса алады.

Бұл пилоттық бағдарлама өз кезегінде бюрократия көрінісіне жол бермейтін мемлекеттік аппараттың сервистік моделін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметке іріктеудің ашықтығын қамтамасыз етуге өз үлесін қосады.

Әйгерім ЕРЖАНОВА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Астана қаласы бойынша департаменті Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы





УЫЗЫНА ЖАРЫМАСА, САУ ҰРПАҚ ҚАЙДАН БОЛСЫН?!

Қазіргі таңда баласын емізбейтін аналар көбейіп барады. Бұл сәбиді айтпағанда әйелдің де денсаулығына кесірін тигізеді. Ананың баласын емізбеуі сүт безінің созылмалы ауруы – мастопатияға алып келеді. Ал ол асқынса, сүт безінің қатерлі ісігіне айналады. Одан бөлек, балалар бойындағы аурушаңдықтың да бір себебі – ана сүтін қанып ембегеннен туындап отыр. Осы мәселеге бүкіл әлем үн қатып, жылда тамыз айының басында денсаулық сақтау ұйымдарында апталық өткізіледі. Алайда бұл насихатты құлаққа ілетін әлем әйелдері түгілі, қазақ аналары азайды.

Райхан
РАХМЕТОВА

БАЛАСЫНАН СҮТІН НЕГЕ АЙДЫ?

Қазақстанда ана сүтімен емізуден бас тартудың себептеріне балаға омырауды дұрыс бермеуден тері қабатының ауырсыну, фармацевтикалық компаниялардың жасады қоспаларды жарнамалауы, ана сүті мен табиғи емізудің маңызын түсінбеу жатады. Одан басқа 1 жылдан кейін жұмысқа шыққысы келген аналар да баласын емшектен шығарудың жолдарын іздейді. Сондай-ақ тағы бір тобы – бала емізуден сымбатым бұзылады деп санайтын сымбатым келіншектер.

– Біздің емханада тіркелген омырауда баласы бар жас әйелдердің 20-30 пайызы баласын өзінің сүті шығып тұрса да, жасанды сүтпен тамақтандырады. Көп жас ана шетелге еліктеп, омырауының кішірейіп қалуынан қорқып, емізгісі келмейді. Негізгі ол жалған түсінік, әйелдің мүсіні емізгеннен емес, жаратылысына қарай өзгереді. Ана сүтінің баланы қандай аурулардан сақтайтынын олар білмейді. Еміп өспеген балалар уызға жарыған балаға қарағанда инфекциялық ауруларға жиі шалдығады. Себебі ана сүтіндегі иммунитетті көтеретін дәрумендерді алмайды. Емізу әйелдің өзіне де пайдалы. Емізбеген аналардың омырауына сүт байланып қалады да, маститке шалдығады, олардың арасында онкологиялық аурулар жиі кездеседі. Біз оларды теріс ойынан айнытып, бала үшін ана сүтінің қаншалықты маңызды екенін түсіндіргеннен кейін бірқатары райынан қайтады. Жалпы ана сүтін берудің пайдасы туралы әйел жүкті кезінде тіркелгеннен бастап емханада, одан босанған кезінде перзентханада, сосын сәбиін қаратуға келген соң бізде үнемі ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізіледі, – дейді №10 емхананың балаларды дамыту кабинетінің дәрігері Айгүл Әбілдаева.

Дәрігер жас ана баласын кем дегенде 6 айға дейін тек өз сүтімен емізуі керек, сосын барып, емшек сүтіне қоса қосымша тамақ беруге болады деп кеңес береді. Осылайша бала ең көп дегенде 2 жасына дейін анасының сүтін емгені жөн. Ал денсаулығына байланысты сүт шықпай, амалсыз

ЕМІЗУДІҢ ПАЙДАСЫ ҰШАН-ТЕҢІЗ

ЮНИСЕФ мәліметтері бойынша, омырау емізу бес жасқа дейінгі 820 мың баланың өмірін сақтап қалуға көмектеседі. Соған қарамастан, қазіргі күнде үш сәбидің екеуі 6 ай бойы тек ана сүтімен ғана тамақтанбайды. Бұл көрсеткіш соңғы екі онжылдықта өзгермеген.

– Әсіресе бір жасқа дейін ана сүтінде болатын дәрумендерді толық алмаған бала жиі ауырады, есейгенде де асқазан аурулары, соның ішінде созылмалы гастритке ұшырауға бейім, ферменттер жетіспегеннен зат алмасуы процесі төмен болады. Жалпы ембеген бала аурушаң, иммунитеті өте төмен болып келеді. Былай қарасаң, бөтелкесін жуып, суын ысытып, жасанды сүт қоспасын араластырып жатқаннан гөрі емшек бере қою әлдеқайда тиімді ғой, баланың жылауы да, аштығы да тез басылады, сіздің де артық шаруаға уақытыңыз кетпейді. Әсіресе бала түнде қарны ашып жылағанда емізе қою түн ұйқыңыздың да көп бөлінбеуіне септік етеді, – дейді дәрігер А.Әбілдаева.

Ал кейбір ата-аналар баланың ана сүтін еміп өсуі аурушаң болмауына толық кепіл бермейді деп санайды.

– Мен бірінші баламды 6 айға дейін тек ана сүтімен, сосын қосымша тамақ беріп, 2 жарым жасқа дейін еміздім. Бірақ бәрібір ауырайын деген бала оған қарамайды. Ұлым нәзік, қыста тұмаумен көп ауырады. Мәселен, ауылда да көршіміз болған, сол асырап алған баласын қара сиырдың сүтімен өсірді. Ол бала өте мықты болып ержетті. Дегенмен ана сүті арқылы балаға ананың мейірімі өтеді. Сондықтан мейлінше, баланы емізген жөн, – деді елордалық екі баланың анасы Шахида Жұман.

Баланы ұзақ уақыт емізу ана мен баланың өзара байланысын да нығайтады. 2019 жылы Ресейдегі балалар денсаулығы және дамыту Ұлттық институты 1272 отбасын қатыстыра отырып, осы бағытта зерттеу жүргізеді. Оған баласын мүлдем емізбеген, алты апта емізген, алты ай емізген және 2, 3 жыл ана сүтін берген әйелдер қатысады. Соның нәтижесінде баласын неғұрлым ұзақ емізген әйелдер баласының қажеттілігін, жай-күйін анағұрлым тезірек түсінетін болып шыққан. Бұл әсер балалары 11-15 жасқа толып кетсе де сақталып қалған. Баласын ұзағырақ емізетін әйелдер жасөспірім балаларымен емізбеген әйелдерге қарағанда тезірек тіл табыса алған. Себебі өмірінің алғашқы сәттерінде ол анасының бауырында жиі болып, айнала әлемнен, қауіптен қорғайтын құшақ бар екенін сезіп өскен.

Мамандардың айтуынша, жаңа туған баланың дене бітімі мен ой-санасының толыққанды дамуына ықпал ететін, баланың да, анасының да денсаулығына оңтайлы әсер ететін, бала үшін теңдесі жоқ қорек – ана сүті. Соны ескерген ана өзінің де, ұрпағының да денсаулығын ойласа дәрігерлердің сөзіне құлақ түруі тиіс.

«КҮНДЕЛІКТІҢ» БЫЛЫҒЫН ҮКІМЕТ РЕТТЕСІН!

Ескі Қазақстаннан бізге мұра болып қалған жастарды тәрбиелеудегі олқылық – Қазақстанның барлық мектебіне күштеп енгізілген «Күнделік» жүйесі.

Электронды қызмет көрсете алатын бір емес, бірнеше отандық компанияның болуына қарамастан, сарапшылардың айтуынша, сол кездегі заманын қонышынан басқан топтардың қысымымен құзырлы орган 4 миллион қазақстандық оқушының жеке мәліметін жинау, сақтау және өңдеу қызметін ешқандай іріктеу мен байқаусыз, шетелдік компанияға 12 жылға беріп жіберген. Нәтижесінде бұл салада шет елден басқарылатын қолдан жасалған монополия пайда болды.

Сыртқы монополияның күшімен Қазақстанның барлық балалары, мұғалімдері мен ата-аналары (жалпы саны – 7 миллион адам) мемлекет пайдалануға міндеттеген «Күнделіктен» күнделікті жағымсыз жарнама көруге мәжбүр. Соның ішінде этика мен ұлттық дәстүрге жат, сананы ұлайтын, жалаңаштанған, нәпсі мен ойынның жарнамасы көп. Бұл жөнінде ақпарат құралдары үнемі дабыл қағуда. Мектеп оқушыларын жағымсыз жарнама қарауға міндеттеп, сол арқылы шетелдік монополияны байытуға жол берген заң немесе мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шарт әлемнің дамыған бірде-бір елінде жоқ. Бұл аз болғандай, «Күнделік» жүйесі «Ұлттық ақпараттық технологиялар» атты мемлекеттік мекеменің серверлерін пайдаланады және ол үшін Оқу-ағарту министрлігі жыл сайын 800 млн теңге қаржы төлейді деген ақпаратты Бас прокуратура тексеруі қажет. «Күнделік» – барлық мектепте 2030 жылға дейін қолдануға міндетті жалғыз электронды жүйе. Ертең ол мәліметтер жоғалса, жарнама берушілерге сатылса немесе астыртын зиянды жолмен қолданылса, кім жауап береді? Бұл сала монополиялық реттеуге мүлдем жатпайды, сондықтан бәсекелестік болуы шарт. Ал «Күнделік» – бүгінде жасанды монополия. Жақында тура осындай шетелдік қызмет – «Яндекс Таксидегі» ересектердің жеке мәліметі мәселесі қоғамда қызу талқыланды. «Күнделік» – біздің балаларымыздың жеке мәліметіне қол сұғып, рухани келбетіне кері әсер ететін, ұлттық қауіпсіздіктің тамырына балта шабуға қабілетті терең проблема. Балалардың санасы мен ұлттық ертеңіне төнген қауіпті ескеріп, Үкімет шұғыл әрекет етуі қажет. Жол берілген қателікті жөндеп, балалардың жеке мәліметін мемлекетке қайтарып, салада қалыптасқан шетелдік жасанды монополияны бұзып, отандық компаниялар арасындағы еркін бәсекелестікке жол ашу – заман талабы.

Ерлан САИРОВ,
Мәжіліс депутаты

ОРАМАЛДЫ «ЖЕЛПІЛДЕТЕ» БЕРМЕЙКШІ

Орамал тағу мәселесі оқу жылы басталған кезде үнемі көтерілетін таптаурын тақырыпқа айналды. Бір қызығы, бұл мәселеге келгенде жұрттың пікірі де екіге жарылып тұр. Ендеше орамал тағу мәселесі туралы жұртшылық, жазушылар не дейді? Оған да назар салып көрейік.

Зейнеп АХМЕТОВА, жазушы:

– Әсіре діншілдер қазақтың тыныштығын бұзып, тұтастығына кедергі келтіру үшін әдейі қоздырып жүр. Әйтпесе сол орамалды соншалық сөз қылатын ештеңе жоқ. Ата-бабамызда хиджаб деген болмаған. Қазақтың қыздары бұрын күйеуге тигенге дейін басына орамал салмаған. Үкілі тақия, күндыз бөрік, моншақты қасаба, шашақты сораба киді. Бірінен-бірі өтетін әдемі бас киімдеріміз болды. Сол бас киімдер әдемі болып тұруы үшін қазақ қыздары шаш күтіміне көп көңіл бөлді. Қарашаш, Сұмбілшаш, Қолаңшаш, Алтыншаш деп қаншама ақын қыздардың шашын өлеңге қосты. Сол шашқа тағатын қаншама әшекей бұйыммыз бар. Енді соның бәрін жерге көмуіміз керек пе?!

Ерлан РЫСҚАЛИ, дәстүрлі әнші:

– Бірыңғай мектеп формасы болғаны дұрыс! Бірақ ол біздің ұлттық менталитетімізге сай болуы тиіс. Ұлдың шалбары тыртысып, қыздың юбка-кофтасы шолтанып тұрмауы керек! Сосын аяғына туфлиді міндеттеудің қажеті жоқ! Мектеп формасына келетін жеңіл аяқ киім кісе болады. Ал орамал тағу, тақпау ең алдымен, баланың, сосын ата-ананың құзырында болуы тиіс. Мектеп әкімшілігі тек орамалдың міндетті түрде мектеп формасымен кигені ғана қадағалау керек! Мектеп формасынан басқа киіммен орамал тағу керек мектепке кіргізу керек! Тәртіп бәріне ортақ! Бірыңғай форма болуы тиіс!

Дінді күштеп үйретуге болмайды. Және тым діншілдікпен мемлекеттік жүйеге қарсы шығуға да болмайды! Әулие болсаң да ортақ тәртіпке бағынуға тиіссің! Мұны көкпарға салудың қажеті жоқ. Мемлекет нақты тәртіпті орнатып, соның қорындауын қатаң бақылап, талап етуі тиіс! Әрі-беріден соң дін сенің сыртқы келбетіңмен емес, ішкі жандуиңмен, жүрек, амалыңмен өлшенеді!

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ



ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУДЫҢ ОҢТАЙЛЫ ЖОЛЫ

«Халық-Қазына» – қазақстандықтарға өмірді сақтандырудың оңтайлы және тиімді жолдарын ұсынып жүрген «Халық-Life» АҚ-тың кезекті бағдарламасы. Бұл өз қаражатын валютамен тиімді салу мақсатында депозиттерге балама іздейтіндерге арналған. Осы өнімнің артықшылықтары мен жалпы ел тұрғындарының өмірді сақтандыру бойынша қаржылық мәдениетінің деңгейі туралы толығырақ білуге «Халық-Life» АҚ Астана қалалық филиалының директоры Жұлдыз БОЖЕЕВАМЕН сұхбаттастық.

– Жұлдыз Сұңғатқызы, өмірді сақтандыру әдеттегі депозит пен инвестицияға қалай балама бола алады?

– «Халық-Қазына» өмірді сақтандырудың жинақтаушы бағдарламасы – валюта бойынша депозиттерге ең үздік балама болады. Бағдарлама арқылы қазіргі таңда доллармен салынатын депозитке қарағанда табыстылық төрт есе жоғары. Егер нарықта осындай салымдар бұл мөлшерге сақтандырудың 20 жылға дейін созылатын барлық мерзімінде сақталады. Банктердегі ешқандай депозит мұндай ұзақ мерзімді табыс түсіп тұруына кепілдік бермейді. Осындай артықшылыққа қол жеткізе отырып азаматтарымыз тек валюталық тәуекелді төмендетіп қана қоймай, сонымен қатар аяқ асты болатын өмірдегі түрлі жағдайларда өзін сақтандыру мүмкіндігіне ие болады. Бұл өнім валюталық нарықтағы жағдайды ескерсек, қазіргі таңда өте өзекті. Сыйақысы бар жинақталған сома сақтандырылған адамға келісімшарт мерзімі аяқталған кезде төленеді. Яғни, төлем клиентке сақтандыратын жағдайға тап болмаса да беріледі.

– Аталған бағдарлама шеңберінде қандай қосымша мүмкіндіктер мен бонустар ұсынылады?

– «Халық-Қазына» өнімі бойынша жинақ сәт дауы процесі кезінде тәркіленбейді, неке бұзылған сәтте жұбайлар арасында бөліске түспейді. Сонымен қатар сақтандыру төлемдеріне қосымша құн салығы салынбайды.

– Басқа қаржы құралдарымен салыстырғанда өмірді сақтандыру қандай негізгі артықшылықтарға ие?

– «Бәйтерек» өмірді сақтандырудың жинақтаушы бағдарламасына сәйкес клиент кез келген себеппен өмірден өткен жағдайда берілетін төлемнен басқа мынадай қосымша тәуекелдер бойынша төлем алады: қайғылы оқиға нәтижесінде I немесе II топтағы мүгедек болғанда, еңбекке уақытша жарамсыз болғанда, дене жарақатын алу немесе бірінші рет қауіпті ауруды анықтағанда.

– Көп адамдардың көкейінде мына сұрақ бар: өмірдің сақтандыру не үшін керек?

– Көпшілік өмірді сақтандыру полисін алудың не қажеті бар екенін әлі күнге түсінбейді. Осы өнім көмегімен қазақстандықтар немесе олардың туыстары қайтыс болған немесе мүгедектік алған жағдайда сақтандыру компаниясынан төлемдер ала алады. Осылайша олар отбасының қаржылық бюджетіне түсетін жүктемені азайта алады.

– Өмірді сақтандырудың қандай түрлері бар және нақты қаржылық мақсаттар үшін солардың ішінде анағұрлым қолайлы нұсқаны қалай таңдауға болады?

– Өмірді сақтандырудың классикалық түрінде сақтандыру полистері жинақтаушы және жинақтаушы емес деп екіге бөлінеді. Өмірді сақтандырудың жинақтаушы емес полисін алуға сәйкес жинақталған сома сақтандырылған адамға келісімшарт мерзімі аяқталған кезде төленеді. Яғни, төлем клиентке сақтандыратын жағдайға тап болмаса да беріледі.

– Сақтандырылатын мерзім ішінде және сақтандыру сомасын есептеуде қандай факторларды есепке алған жөн?

– Мәселен, клиент бүгін ай сайын 10 мың теңге салым сала отырып 15 жылға сақтандыру полисін сатып алады, бұл ретте келесі күннен бастап-ақ сақтандыру өтелімі 2 млн теңгені құрайды.

Яғни, сақтандыруды қажет ететін жағдай туындағанда төлем клиент қанша салым салғанына қарамастан 2 млн теңге болады. Екіншіден, жинақтаушы сақтандыру бойынша салымдар негізінен бөліп-бөліп салынатындықтан, капитал инфляциясы бүкіл сомаға бірден емес, біртіндеп жүріп, оның әсерін азайтады. Үшіншіден, инвестициялық қызметтен сақтандыру кірісіне қатысу салымдары индексациясы мен шетелдік валюта бағамына қарай төленетін сома мүмкіндіктерін қарастырады.

– Сақтандыру нарығы 2022 жылдан бері қаншалықты өзгерді? Егер қателеспесем, өмірді сақтандыру Қазақстанда әлі де қалыптасу үстінде.

– Нарықты дамыту қарқыны төмендеді. Бұл өткен жылы нарықта зейнетақы аннуитеті бойынша жинақталған сыйақы көлемі 37,7% төмендеуімен байланысты. Заңдағы өзгерістер байланысты салымшыларға жылжымайтын мүлік сатып алуға шұғыл түрде алу үшін ӨМК, яғни өмірді сақтандыру компаниясынан БЖЗҚ-ға жинақтың бір бөлігін аударуға құқық берілді. «Өмірді сақтандыру» санаты бойынша сыйақы өсімі нарықта мардымсыз болды, ол небәрі – 5,7%. Нарықта сыйақының жалпы көлемінің төмендеуіне байланысты біздің компанияның жинақталған сақтандыру сыйақысы керісінше артты. Осы көрсеткіш бойынша біздің нарықтағы үлесіміз 33,2% болды. ҚР ҚНРДА, яғни ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мәліметтері бойынша 2022 жылдың қорытындысына сай тартылған сақтандыру сыйақы көлемі жағынан біз көш бастап тұрмыз. «Өмірді сақтандыру» санаты бойынша да біз алдыңғы шептеміз. 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша біздің нарықтағы үлесіміз осы сегмент жөнінен 39,2%-ға жетті. Статистикаға сүйенсек, елдегі экономикалық белсенді 9 млн халықтың тек 3 пайызында ғана ерікті сақтандыру полисі бар.

– Қалай ойлайсыз, Қазақстанда сақтандыру мәдениеті деңгейін арттыру үшін қандай шаралар қабылдау керек? Осы жағынан келісімшарттар жасауға халықты қалай ынталандыруға болады?

– 2022 жылы сақтандыру саласында қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша ауқымды акция өткіздік. Қазақстандағы әр облыс орталығында, 18 қалада өңірлік БАҚ-тағы 230-дан астам журналистер, блогерлер, кәсіподақтар және ірі клиенттермен іскерлік кездесу өткізуге қол жеткіздік. Бұл кездесулерде біз өмірді сақтандыру нарығындағы үйдістер мен мәселелерді талқыладық. Осы нарықта сақтандыруды насихаттауға журналистерді ынталандыру үшін және қазақстандықтар арасында сақтандыру қызметтерін кеңінен тарату үшін екі жыл қатарынан іске қосып жатқан жобалардың бірі – БАҚ қызметкерлері арасында өткізіліп жүрген республикалық байқау.

– Өмірді сақтандыру мәселесін енді зерттеп жүрген және дұрыс таңдау жасағысы келетіндерге қандай кеңестер мен ұсыныстар берер едіңіз?

– Өмірді сақтандыру салым салған алғашқы күннен бастап-ақ сізді қиындыққа душар болғанда қорғауды қамтамасыз етеді, себебі сақтандырылған адам көз жұмған жағдайда оның туыстары төлемін ала алады. Өз кезегінде қиындыққа тап болған жағдайда пайдалануға болатын жинақтар немесе инвестициялар белгілі бір көлемге жетуі үшін уақыт керек. Егер қазіргі таңда сіздің негізгі мақсатыңыз болшақ жоспарыңызды іске асыру үшін қаржы жинау болса, онда жинақтаушы сақтандыру бағдарламасы – ақшаңызды барынша сенімді жерде сақтандыру және жинақтаудың тамаша мүмкіндігі.

Сұхбаттасқан Райхан РАХМЕТОВА

Кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын сақтау мәселесі мемлекеттік органдардың өзекті және басым бағыттарының бірі болып табылады. Бизнестің дамуы уәкілетті және мемлекеттік органдардың тиімді жұмысына байланысты екенін өздеріңізге мәлім.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында берілген тапсырмасы бойынша 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызмет саласында жаңа реттеуші саясатты енгізу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілді.

Реформа мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылының базалық қағидаттарын жетілдіруді, міндетті талаптарды құруды және мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүйесін жаңғыртуды көздейді.

Осы реформа шеңберінде жыл басынан бастап Кәсіпкерлік Кодекске (Кодекс) енгізілген өзгерістер заңды күшіне енді. Атап айтқанда, өзгерістер мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібіне әсер етті.

Бұдан былай бақылау профилактикалық бақылау, тексеру және тергеу нысанында жүзеге асырылады.

Ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін тексерулер күшін жойды. Оның орнына біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексеру ретінде бақылаудың жаңа нысаны енгізілді. Субъектіге (объектіге) барумен профилактикалық бақылау енді оған қатысты өткен жылы бармай профилактикалық бақылау жүргізілген жағдайда жүргізілетін болады. Жоспардан тыс тексерулерді тағайындау үшін бұрын берілген жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік органдардың өтініштерін, прокурордың тапсырмаларын бақылау, қайта тексеру, қылмыстық процестік және салық заңнамасының негіздері негіз болып табылады.

Біздің еліміз әлемдік «трендтерден» қалмауға тырысады және мемлекеттік органдардың қызметіне ақпараттық технологияларды белсенді енгізуде екенін айта кету керек.

Осындай жүйелердің бірі

бизнесті заңсыз тексерулерден қорғауды, сондай-ақ мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың ашықтығын қамтамасыз ететін «Тексеруші субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі» (бұдан әрі-ТСОБТ) болып табылады.

ТСОБТ жүйесінің арқасында тексерулерді тағайындау процесі толығымен автоматтандырылған, осыған байланысты соңғы 10 жылда тіркелген тексерулер санының 5 есеге (18139-дан 5157-ге дейін) айтарлықтай төмендеуі байқалады.

Бұдан басқа, тексерумен келген кез келген кәсіпкер ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің (Комитет) «www.qatqor.gov.kz» ақпараттық порталының тиісті бағанға актінің тіркеу нөмірін енгізу арқылы тексерудің заңдылығы көре алады.

Тексеруші орган, тексеру кезеңі, тексеруші тұлға туралы мәліметтер туралы ақпарат алғаннан кейін тексерудің тіркелгеніне көз жеткізуге болады. Егер мұндай мәліметтер ақпараттық порталда болмаса, онда ол тексеру прокуратура органдарында тіркелмегенін және заңсыз болып табылатынын куәландырады.

Егер кәсіпкерлер тексеруші мемлекеттік органдардың қызметкерлері тарапынан заңсыз әрекеттерге тап болса, бұл туралы «115» нөміріне хабарлауды сұраймыз – бұл Бас прокуратураның call-орталығының бірыңғай нөмірі, сондай-ақ аталған мәселелер бойынша Комитетке және оның аумақтық органдарына жүгінуге болады.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті

«Елорда құрылыс компаниясы» ЖШС тапсырыс беруші тұлғасында инвестордың қаражаты есебінен жобаларды іске асыру үшін жер учаскелерін беру жөніндегі қайталау конкурстық рәсімдерді жариялайды. Конкурсты өткізу шарттары бар конкурстық құжаттаманы 2023 жылғы 27 қыркүйек дейінгі мерзімде 18 сағат 00 минут Астана қаласы, Әзірбайжан Мәмбетов көшесі, 24, 805 офис мекенжайы бойынша қолма-қол алуға болады.

ТҰРМЫСТАҒЫ ӨРТ ҚАУІПТІ

Қаладағы өрттердің шамамен 70 пайызы тұрғын үйлер мен пәтерлерде болады. Негізгі себептердің қатарына отпен жұмыс істегенде, атап айтсақ, темекі шегу, ашық от көздерін пайдалану және электр құрылғыларының істен шығуы жатады. Өрт қаупін болдырмау үшін тұтанғыш заттарды бір-бірінен оқшаулау қажет. Егер жұмыс үшін электр құрылғыларының ашық жалыны немесе ыстық беті пайдаланылса, жанғыш заттар мен басқа да жанғыш заттарды қауіпсіз қашықтыққа алып тастау керек.

Отпен жұмыс істегенде әрдайым абай болыңыз, тұтанғыш және жанғыш сұйықтықтардың жанында ашық отты пайдаланбаңыз, керулетте, қоймаларда немесе жанғыш материалдар сақталатын басқа жерлерде темекі шеппеңіз. Мас күйінде төсекте темекі шегуге болмайды, бұл қайғылы жағдайға әкелуі мүмкін.

Сіріңкелерді балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз, баланың ашық отқа қолы жетпейуі керек, камин жанған кезде немесе газ плитасы қосылған кезде балаларды жалғыз қалдыруға болмайды. Ата-аналар мектеп жасына дейінгі балалармен үйдегі өрт қауіпсіздігі шаралары туралы үнемі әңгімелесуі керек, сонда балалар отпен ойнаудың қауіптілігін түсінеді.

Газ және электрлі тұрмыстық техника (үтіктер, теледидарлар, магнитофондар және т.б.) үнемі бақылауда болғаны жөн. Электр үтіктерін, электр шайнектерін отқа төзімді арнайы тіректерге орнатыңыз, өрттің алдын алу үшін оларды қараусыз қалдырмаңыз және балаларға оларды пайдалануға рұқсат бермеңіз. Электр желілерін шамадан тыс жүктемелерден және қысқа тұйықталудан қорғау үшін тек зауытта жасалған сақтандырығыштарды қолданыңыз.

Көп жағдайда өрт кездейсоқтық емес, қауіпсіздік ережелеріне немқұрайлықтың нәтижесінде туындайды. Сондықтан зақымдалған розеткалар мен ажыратқыштарды қолдануға, ашық сымдарға бояу жағуға немесе оны тұсқағаздармен жабуға және киімді пештің жанына кептіруге болмайды. Сонымен бірге қолдан жасалған сақтандырығыштарды қолдануға, бір розеткаға бірнеше жоғары қуатты электр құрылғыларын қосуға тыйым салынады. Құрылғыларды мамандар орнатуы, жөндеуі және тексеруі керек. Егер қандай да бір күдік болса, дереу крандарды жауып, төтенше жағдай қызметіне қоңырлау шалу керек.

Егер үйіңізде өрт пайда болса, оны дереу «101» телефоны арқылы өрт сөндіру қызметіне немесе «112» жедел құтқару қызметіне хабарлаңыз. Хабарласқан кезде адам өміріне, балаларға, қарттар мен науқастарға қауіп төніп, үйден шығуға шұғыл көмек қажет болса, аты-жөніңіз бен қоңырау шалатын телефон нөміріңізді міндетті түрде айтыңыз. Мүмкіндігінше үйден шығарда электр қуаты мен газды өшіруді ұмытпаңыз. Сақ болыңыз, өрттен қорғаңыз.

Дария БАЙЗУЛОВА, Астана қаласы ТЖД Алматы ауданы төтенше жағдайлар басқармасының инженері

№111 (4544) 19/09/2023 Сейсенбі

САЛТ-ДӘСТҮР САЙЫСЫ

Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қолдауымен «Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен елордада жас отбасылар арасындағы «Қазағымның дәстүрлері-ай» атты қалалық сайысының үздіктері анықталды.



**Индира
БЕРЖАНОВА**

Қалалық сайыс Астана қаласының және оған іргелес ауылдардың аумағында тұратын, шаңырақ көтергендеріне 1-5 жыл аралығындағы жас отбасылардың арасында өткізілді. Оған қатысуға 30-ға жуық отбасыдан өтінім түскен. Байқау шартына сәйкес 9 отбасы іріктеп алынды. Байқау бір шаңырақ астында берекелі өмір сүрудің маңызын арттыру, қазақ халқының салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын заманға сай жаңғыртып, жастар арасында насихаттау, отбасы институтының мәртебесін көтеру, іргесін нығайту, дәстүрлі отбасылық құндылықтарды жастар арасында дәріптеуге бағытталды. Үлгілі отбасылар байқауы шынымен де елімізде жануар құндылықтарының рөлін арттырып, отбасы мен некенің оң имиджін дәріптейді.

Сайыстың қазылар алқасының құрамында мемлекет және қоғам қайраткері Дархан Мыңбай, еліміздің еңбек сіңірген қайраткері, публицист Сәуле Мешітбайқызы, тарихшы, «Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігінің директоры Тұрар Шәкен, «Наз» би мемлекеттік театрының директоры Еркебұлан Ағымбаев, мәдениет қайраткері, ақын, сазгер Оспан Сүлейменұлы, қалалық мәслихат депутаты Мәдина Әжікенова, театр және кино актері Толқын Сұлтан болды.

«Қазақтың ең басты құндылығы – тіл, дін және мәдениет. Оның барлығы салт-дәстүрге арқа сүйейді. Ал отбасы дәстүрге берік болса, мемлекет те мықты болады. Сондықтан бүгінгі сайыста өнер көрсеткен отбасылар дәстүрге берік екендерін анық көрсете алды» деп қазылар алқасының төрағасы Дархан Мыңбай жеңімпаздарды құттықтап, отбасы құндылықтарын

берік ұстанған әулеттерге ризашылығын білдіріп, құрметін жеткізді.

Жас отбасылар үш кезең бойынша сынға түсті. Алғашқысы «Біздің отбасының бір күні» атты бейнесайыс кезеңі болса, одан кейін «Он саусақтан өнер тамған» кезеңінде ері мен зайыбының әзірлеп әкелген дүниелері назарға ұсынылды. Келіншектер ұмыт бола бастаған ұлттық дәмдерден ас әзірлеп әкеліп, тарихы мен дайындалу жолын баяндаса, жолдасы қамшы өру, теңге соғу, зергерлік өнер, ағаш бұйымы, мүсін жасау, т.с.с. дәстүрлі өнер бұйымының тарихы мен әзірлену жолымен таныстырды. «Өнер, білім бар жұрттар» атты соңғы шығармашылық кезеңде отбасылар өздерін таныстырып, тарих, этнография, салт-дәстүр, фольклор, мақал-мәтел бойынша сұрақтарға жауап беріп, ән айтып, биілеп, өнер көрсетті.

«Бұл байқаудың көпке тигізер пайдасы мол. Әр отбасы қазақтың салт-дәстүрін ұстанып, балаларына көрсетіп отырғаны жөн. Сол арқылы саналы ұрпақ тәрбиелейді. Мұндай жарысқа біз отбасымызбен бірінші рет қатысып отырмыз. Бос уақытымда балаларыммен асық ойнауды, арқан тартысты ұнатамыз» деді қатысушылардың бірі Нұрлыбек Сәмеков.

Сайыс қорытындысы бойынша бас жүлде Сәмеков жанұясына, 1-орын Ұлықпаулы отбасына, 2-орын Халат жанұясына, 3-орын Қазиевтер отбасына және «Көрермен көзайымы» номинациясы Рашитовтар отбасына табысталды. Жеңімпаз отбасыларға ағаштан жасалған қазақтың тұрмыста қажет заттары, жазушы Зейнеп Ахметованың салт-дәстүр жайлы «Құрметіміз» кітабы және балаларға арналған боямақтар сыйға берілді.

ЖУРНАЛИСТІҢ ЖАҢА КІТАБЫ

Бүгін Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-дің ғылыми кітапханасындағы Ақселеу Сейдімбек атындағы залда журналист-публицист, саясаттанушы, қоғам қайраткері, есімі елге мәлім қаламгер, бір жыл бұрын дүниеден өткен Кенжеболат Жолдыбайдың «Әркімнің жолы – әртүрлі сапар» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

Бас редакторлар клубы мен ЕҰУ-дің журналистика және саясаттану факультеті бірлесіп өткізген салтанатты жиынға марқұмның туған-туыстары, Ұлытау, Қарағанды, Атырау облыстарынан арнайы келген мәртебелі меймандар, ҚР Парламенті депутаттары, Бас редакторлар клубының мүшелері – отандық БАҚ басшылары, жазушылар, ғалымдар, университеттің оқытушылары мен студенттері қатысты.

Жаңа кітаптың тұсауы кесілген соң, жиналған жұрт Кенжеболат ағаның мінез-құлғы, болмыс-бітімі, адамдық қалпы, қоғамдағы орны мен ұстанымы, қазақ журналистикасы мен саясаттану ғылымына сіңірген еңбегі жөнінде ой-пікірлерімен, жылы естеліктерімен бөлісті. Мінбеден сөйлеген жандардың барлығы марқұмның рухани мұрасының жоқтаушысы, артында қалған бай дүниесін қағазға түсіріп, 467 бетті құрайтын керемет кітап етіп құрастырған өмірлік қосағы Төкен Қорғанбековаға алғыстарын жаудырды. Төкен апаның өзі кітапты отбасының қаражатына шығарса да 50 данасын ЕҰУ-дің кітапханасына, тағы бір 50 данасын Ұлттық академиялық кітапхананың қорына сыйға тартқанын айтты.



«Фолиант» баспасынан 500 данамен жарыққа шыққан жинақта Кенжеболат Жолдыбайдың соңғы жылдары отандық баспасөзде қазақ және орыс тілдерінде жарияланған мақалалары, сұхбаттары, ой-толғамдары тоғастырылған. Бес бөлімнен тұратын кітаптан оқырман автордың қоғамның, елдің дамуы туралы ой-тұжырымдарын, өзекті тақырыптарға арналған сұхбаттарын, шетел сапары туралы жазбаларын, К.Жолдыбайдың қаражатына шығарса да 50 данасын ЕҰУ-дің кітапханасына, тағы бір 50 данасын Ұлттық академиялық кітапхананың қорына сыйға тартқанын айтты.

ОЛЖАЛЫ ОРАЛДЫ

Елорданың Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының өнерпаздары өнер байқауларынан олжалы оралды. «Шалқыма» халық би ансамблінің бишісі Айсұлу Мұратқалиева Атырауда өткен Қазақстанның халық әртісі Гүлжан Талпақованың мерейлі 75 жасына арналған «Өнербаян өрнегі» атты III республикалық әлем ұлттарының би байқауында бірінші орынды иеленсе, «Эстрадалық вокал» бөлімінің өншісі, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Ақбота Құснадин «Түркістан дауысы-2023» республикалық жас орындаушылар байқауының лауреаты атанды.

**Аманғали
ҚАЛЖАНОВ**

Айсұлу Мұратқалиева – талантты да талапты биші. Ж.Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжінде оқып, «Халық биі әртісі» мамандығын алды. Биыл Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясына қабылданғанына 10 жыл болды. Осыдан бес жыл бұрын, «Шабыт-2018» XXI халықаралық шығармашы жастар фестивалінде «Хореография» аталымында да бірінші орынды жеңіп алған еді. 2019 жылы «Би дауысы» атты I республикалық би фестивалінде «Халық биі» және «Заманауи би» аталымдарында II және III орындарды иеленді. Ал Атырау сахнасында ауған биін билеп, Гүлжан Талпақованың өзі бастаған қазылар алқасы мен көрермендерді тәнті етті.

Ақботаның астаналық филармонияға қабылданғанына төрт жыл болды. Ол



Қазақ ұлттық өнер университетінде Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Бағдат Сәмидинова сыныбында оқып, оқу орнын үздік дипломмен аяқтады. Бала жасынан республикалық және халықаралық байқауларға қатысып, көбінесе жүлделі орындардан көрініп жүр. Атап айтқанда, «Бозторғай» балалар байқауында бас жүлде, «Дельфий ойындарында» және композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рамазан Таймановтың I республикалық «Қазақ қызы» байқауында, XXXIII республикалық орындаушылар байқауында бірінші орынды иеленді. Грузияның Поти қаласында өткен «Фазиси» халықаралық байқауында Қазақстанның намысын қорғап, гран-приді алды. Ал белгілі әнші, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Батырхан Шөкеновтің 60 жылдығына арналған «Отан – Ана» республикалық әншілер конкурсында бас жүлдені жеңіп алды.



«ОТВАСЫ DUATLON»-ға ҚАТЫСЫҢЫЗ

(Соңы. Басы I-бетте)

«Otbasy duatlon» жарысы спорттың екі түрінен үш қашықтық бойынша өтеді.

- Жүгіру (әкесі) – 2,1 км;
- Велосипед жарысы (анасы) – 2,1 км;
- Жүгіру (бала) – 200 м.

Әкелер старт сызығынан 2,1 км қашықтыққа бірінші болып жүгіреді, әрі қарай эстафетаны жұбайына тапсырады, өздері транзиттік аймақта күтіп тұрады.

Велосипедпен 2,1 шақырымды екінші болып аналар жүріп өтеді, осыдан кейін 200 метр қашықтықта балалар жүгіреді.

Әр топтағы жарыс жеңімпаздары барлық қашықтықты бағындырған уақыт бойынша анықталады.

Марафоншылардың бәрі медальмен марапатталады. Жеңімпаздар бірінші, екінші, үшінші орын дипломдарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталады. Сонымен қатар қатысушыларға премиум фитнес клубының арнайы сертификаты беріледі. Сондай-ақ қатысушылар арасында ұтыс ойыны ойнатылады.

«Otbasy duatlon» іс-шарасына тіркелу үшін мына телефон нөмірлеріне хабарласуыңызға болады: 8-747-054-59-00 (Дарын), 8-707-977-99-70 (Ризабек).

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың
орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №111

Баспаханасы: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-teklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ